

ОМАР ТОҒАТАЙ ҚАЛТАЙҰЛЫ

филология ғылымдарының кандидаты



Омар Тоғатай Қалтайұлы 1967 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Көкмардан ауылында дүниеге келген. 1974-1984 жылдары сол ауылдағы Ильич атындағы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын аталған совхоздың механикалық цехында көлік жөндеушісі болып бастаған.

1985-1987 жылдары әскери борышын өтеп келген соң, 1989 жылға дейін Көкмардан ауылдық құрылыс цехында жұмысшы болып істеген.

1989 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп, жас маман ретінде филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушылық қызметке қалдырылған.

1995-1998 жылдары Отырар ауданы, Шәуілдір ауылындағы №36 кәсіптік-техникалық училищеде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған. 1999-2000 жылдары Шымкент қаласындағы «Мұрагер» институтында аға оқытушы, 2000-2004 жылдары Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде аға оқытушы болып қызмет істеген.

2004-2013 жылдары М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Қазақ әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет атқарған.

2013 жылдан бері ОҚМПУ филология факультеті «қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарып келеді.

Т.Қ.Омар 2008 жылы ҚР ҒА М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институтында филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Омаровтың жетекшілігімен «ХІХ ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 70-тен аса ғылыми мақалалардың авторы. Сондай-ақ 2007 жылы «Жазушы Төлен Әбдіқұлының шығармашылық әлемі» атты көмекші оқу құралы, 2009 жылы «Қазақ тілі пәнінен практикалық сабақтарды жүргізуге арналған жаттығулар жинағы» әдістемелік нұсқауы, 2009 жылы «ХІХ ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары» атты монографиясы, 2015 жылы «Бұқар жырау Қалқаманұлының әдеби мұрасы» атты көмекші оқу құралы, 2017 жылы «Түркі халықтарының әдебиеті», «Қазіргі қазақ әңгімелері» атты оқу, көмекші оқу құралдары жарық көрген.